

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯМЕН ҚАРЫМ – ҚАТЫНАСЫ

Батишева Болған Мауленовна

batisheva_bm@enu.kz

Болыспекова Молдир Киясбаевна

Астана, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Халықаралық қатынастар факультеті, Аймақтану мамандығының 2-ші курс магистранты

Ғылыми жетекші – Медеубаева Жанар Муратбековна

Еуропа одағы (ЕО) —1993 жылы 28 (Болгария, Румыния, Ұлыбритания, Чехия, Дания, Мажарстан, Латвия, Литва, Польша, Швеция, Кипр Республикасы, Ирландия, Австрия, Бельгия, Эстония, Финляндия, Франция, Германия, Грекия, Италия, Люксембург, Мальта, Нидерланд, Потругалия, Словакия, Словения, Испания, Хорватия) елдері қатысуымен құрылған халықаралық саяси және экономикалық бірлестік. Еуропа одағы еуропалық қауымдастықтың, атап айтқанда, Еуропалық көмір мен болат қорыту бірлестігінің (1951 ж. осы ұйым Еуропа одағының құрылуына негіз қалады), Еуропалық экономикалық қауымдастықтың (1957 ж. Рим келісімшарты бойынша құрылған бұл ұйым «Ортақ рынок» деп те аталады), сондай-ақ, Атом энергиясы жөніндегі еуропалық қауымдастықтың (1957 ж. құрылған) қарым-қатынастары негізінде жұмыс істейді. Еуропа одағы аясындағы интеграциялық ынтымақтастықтың басты мақсаттары Бірегей еуропалық актіде (1987 ж.), Маастрихт келісім шартында (1992 ж.) және Амстердам келісінде (1997 ж.) көрсетіліп айқындалған. Соңғы жылдары Еуропа одағы мынадай бағыттарда: ортақ рыноктан экономикалық және валюталық одаққа өту; кең өрістілік стратегиясын жүзеге асыру; бірегей сыртқы саясат пен қауіпсіздік саласында тұтастық ахуалын қалыптастыру; Жерорта теңізі жағалауындағы, Азия, Латын Америкасы, Африка құрлығындағы аймақтық саясатты жандандыру; әлеуметтік саладағы үйлесімділікті одан әрі арттырып, құқық қорғау және ішкі тәртіпті сақтау ісінде әріптестік байланыстарды өрістету, бағытында қызмет етіп келеді. 1999 ж. 1 қаңтарынан бастап (алғашқы кезекте он бір мемлекет: Австрия, Бельгия, Германия, Ирландия, Испания, Италия, Люксембург, Нидерланд, Португалия, Финляндия, Франция) есеп айырысу операциялары үшін тепе-теңдік қасиетті бекіткен бірегей еуро (1996 ж. дейін ЭКЮ) валютасын енгізді. 2002 ж. бастап қолма-қол төлемдерге арналған тиындар мен банкноттар айналымға қосылды. Еуропа одағының жалпы органдары қатарына Еуропалық комиссия, Еуропалық парламент, Еуропалық Одақтың Кеңесі, Еуропалық сот, Аудиторлар палатасы т.б. жатады. Екі континенттің торабында орналасқан Орталық Азия, Еуропа мен Азия арасындағы тарихи көпір болып табылады. [Еуропалық Одақ және Қазақстанмен арадағы ынтымақтастығы <http://e-history.kz/kz/contents/view/2399>]

2. Саяси қатынастар: құжаттар және ресми іс сапарлар

Орталық Азия мемлекеттері мен Еуроодақ арасындағы ынтымақтастықтар 1992 жылдан бастау алды. 2001 жылы Еуроодақ «Laeken декларациясы» аясында Орталық Азия мемлекеттерімен «жақсы көршілік» қарым-қатынасты дамытты. Ал үнқатысулар 2004 жылы еуропалықтардың бастамашылығымен басталған еді. 2007 жылдың жазына дейін Еуропалық Одақ өзінің Орталық Азия елдерімен қарым-қатынасын нығайту жөніндегі Стратегиясын қабылдайтынын мәлімдеді. Осы құжаттың екі жақты болуы үшін алдын ала 28 наурызда Астана қаласында, «Еуропалық Одақ үштігі (ЕО-ның қазіргі төрағалық етіп жүрген өкілі), Еуропалық Одақтың Бас хатшылығы және Еуропалық комиссия — Орталық Азия елдері (Қазақстан, Қырғыстан, Өзбекстан т.б.) тұрғысындағы 4-кездесуі болып өтті. 2007 жылы маусым айында болған еуроодақ саммитінде Еуроодақтың ұсынысымен «ЕО және Орталық Азия: әріптестіктің жаңа стратегиясы» және «Жәрдем құжаты» қабылданды. Еуроодақ 2005 жылғы Андижан оқиғаларының артынан Өзбекстанға жүргізілген санкцияларын 2009 жылы

жойды. 2010 жылы Қазақстан Еуропалық қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына төрағалық міндетін атқарды. Қазақстан осы ұйым жұмысын басқару мен оның оның алдағы уақыттарда бірқалыпты дамуын қамтамасыз ету және төрағалық борышын абыроймен атқару үшін 2009-2011 жылдарға арналған «Еуропаға жол» бағдарламасын қабылдады. Одақтың Орталық Азия мемлекеттерінде Еуроодақ делегациясы кеңселері мен Орталық Азия-Еуроодақ үйлері ашылды. Жыл сайын министрлер деңгейінде Орталық Азия-Еуроодақ ортақ жиналыстары ұйымдастырылады. 2014 жылы 14-15 қазан айында Астана қаласында Орталық Азия және Еуропалық Одақ елдерінің Әділет министрлерінің Төртінші Конференциясы өтті. Екі жақты ынтымақтастықты жетілдіру үшін Еуроодақтың 2014-2020 жылдарын қамтыған жаңа бір бағдарламасы да бар. 2015 жылдың 11-12 наурыз айында Тәжікстанның астанасы Душанбиде Еуроодақ және Орталық Азия Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан, Өзбекстан мемлекеттері арасында болған 2-ші жоғары деңгейдегі Қауіпсіздік келіссөздері жиналысы Тәжікстанның астанасы Душанбеде өтті. Жиналыста Еуроодақ пен Орталық Азия мемлекеттері арасында қауіпсіздік саласында ынтымақтастықты арттыруға шешім қабылданды.

3. Еуропалық Одақ пен Орталық Азия дипломатиялық қарым-қатынасы сауда және экономикалық даму кепілі

Еуропалық Одақ әлемдегі ең ірі сауда қауымдастығы болып табылады. Еуропалық Одақ адам құқығы, жоғары заңдылық пен басқарылымдылық және демократия ұзақ саяси тұрақтылық пен экономиканың дамуының фундаменті болады деп есептейді. 2007 жылдан бастап Еуропалық Одақ пен Орталық Азия елдері арасында тұрақтылық пен қауіпсіздікті, тұрақты экономикалық даму мен кедейлікпен күрес, сонымен қатар Еуропалық Одақ пен Орталық Азия арасындағы тығыз өңірлік қарым-қатынасты қамтитын "Еуропалық Одақтың Орталық Азиядағы Саяси Стратегиясы" атты Орталық Азияға қатысты ЕО-ның 2007-2013 жылдарды қамтитын, жеті салада күшті және белсенді түрде ынтымақтастықты дамытуда стратегиялық бағыты бекітілді. Ол салаларға қауіпсіздік, экономикалық, энергетикалық, экологиялық, мемлекеттік, құқықтық, білім мен саяси диалог кіреді. Олар жалпы қабылданған адам құқықтарын құрметтеу құндылықтарына, демократия мен заң нормасына негізделген және өзінің тиісті құқықтық құрылымдарын ЕО-ға теңестірген және экономикалық салалардағы конвергенцияны реттеуге кепілдік беретін міндеттемелерді қамтиды. Орталық Азияда 2007-2013 жылдар кезеңінде ынтымақтастықты дамыту құралын орындауға арналған ЕО –тың қаржылық шектері бүгінгі күні 750 миллионға жуық евроны құрайды. Осы 2007-2013 жылдарға арналған инвестициялық жоспардың мақсаты – Орталық Азия елдерінің тұрақтылығы мен қауіпсіздігін дамыту, олардың тұрақты экономикалық дамуына және кедейлікті қысқарту ұмтылысына жәрдемдесу және де Орталық Азия мен Еуропалық Одақ арасындағы шектерді, аумақтық ынтымақтастықты оңайлату болып табылады. Ал осы негізгі мақсаттар орындалу үшін инвестициялық жоспар үш салаға:

1) бюджеттің 30-35%-ы - желілер; қоршаған орта; орналасқан шегі мен басқару және халықаралық қылмысқа қарсы күрес пен кеден; білім беру Орталық Азияның өңірлік ынтымақтастығы мен ізгі көршілік қатынастар саласына шоғырланған

2) бюджеттің 40-45%-ы кедейлікті азайту және өмір сүру деңгейін арттыру саласына шоғырланған

3) бюджеттің 20-25%-ы биліктегі және экономикалық реформадағы тәртіпті алға бастыру саласына шоғырланған. [Еуропалық Одақтың Орталық Азиядағы Саяси Стратегиясы 2007-2013. www.minplan.kz] Дәлірек айтқанда өңірлік бағдарламалар алты бағытта әрекет етуде. Орталық Азияның табиғи қорларының энергетикалық әлеуетін іске асыру үшін ЕО-да Еуропаға мемлекетаралық мұнай, газ, көлік дәлізі бағдарламасы (ИНОГЕЙТ) әзірленді.

1. Орталық Азия көлік инфрақұрылымын жетілдіру жөніндегі стратегияны дамыту үшін Еуропа-Кавказ-Азия көлік дәлізі бағдарламасын (ТРАСЕКА), әзірленді, оның аясында көлік және сауда саласында сараптамалық қолдау ұсынылады. Бұл Еуропа, Кавказ және Азия

арасындағы сауданы жеңілдетуге, халықаралық көлік дәлізін интеграциялауға, сондай-ақ өңірдің көлік және сауда жүйелеріндегі проблемаларды шешуге ықпал етеді.

2.Әлеуетті жоғарылату жөніндегі жобалар арқылы шағын және орта бизнесті ШОБ дамытуға ықпал ету.

3.ЕО есірткімен күреске жәрдемдесу және шекараны басқаруды жетілдіру мақсатында екі бағдарлама әзірледі. Орталық Азияда шекараны басқару бағдарламасы (БОМКА) өңірдің қауіпсіздігін арттыруға, заңды сауда мен транзитті жеңілдетуге және тауарлар мен адамдардың заңсыз орын ауыстыруын қысқартуға бағытталған. Екіншісі Есірткіге қарсы іс-әрекеттердің Орталық Азия бағдарламасы (КАДАП) есірткеге қарсы қызмет аясында еуропалық және халықаралық практикаларды біртіндеп қабылдауға бағытталған.

4.Жалпыға бірдей білім беру саласында Мыңжылдық Даму Мақсаттарына жету 2015 ж. белгіленген. Осы Мақсаттарды Орталық Азияда іске асыруды қамтамасыз ету жөніндегі ЕО қаржыландыратын бағдарламалар қазір қолданылуда. Бірақ ЕО мектеп білімінен басқа, өңірлік зерттеудің және оқытудың күшті желісін дамытуда, бұл университеттер мен ғылыми-зерттеу орталықтарын жылдамдығы жоғары Интернетке қол жетімді қылады. Табиғи қорларды және биологиялық әр түрлілікті қорғау Орталық Азия Экологиялық бағдарламасының шеңберінде басымдық болып табылады. Екі жақты бағдарламаның дамуы үшін Еуроодақ Орталық Азия мемлекеттерінің ішінде Тәжікстанға 65 млн. евро бөлді. Бұл өз кезегінде Еуроодақтың Орталық Азияға жыл санап көмегін өсіріп келе жатқанын байқатады. Оның үстіне ЕО ЕҚЫҰ-ы қаржысының 70% пайызын осы аймақта ЕҚЫҰ-ның жұмысы жүруі үшін бөледі. Еуропалық Даму және Қайта Құру Банкі (ЕДҚҚБ) Орталық Азиядағы көпсалалы инвесторы (аймақтағы бағдарламаларға 3 миллиард евро) болып келеді.

ЕО 2008 жылы Еуропалық Инвеститциялық Банк (ЕІВ) көмегімен Орталық Азия елдерін қаржыландыруды ұйғарды. Осы мақсатта 2013 жылға дейін кредит беру үшін 400 миллион евро ұсынылды. [Ким Гоулд <http://www.geopolitica.ru/Articles/1244/> / 2001-05-27 Заместитель Главы Миссии Великобритании и северной Ирландии в Республике Таджикистан] 2 млн еуро бюджеті бар бірінші кезеңі 2011 жылдың желтоқсанында басталған «Еуропалық Одақ-Орталық Азия» құқығы үстемдігі платформасы» деп аталатын арнайы жобасының екінші кезеңі 2015 жылдың басы мен 2018 жылдың соңына дейін жүзеге асырылады. [<http://www.primeminister.kz/news/show/67/v-2015-godu-budet-zapuschena-vtoraja-faza-proekta-verhovenstva-prava-«evropejskij-sojuz-tsentralnaja-azija»-zhan-lui-lavroff-/14>]

4. Еуропалық Одақ пен Орталық Азия елдері арасындағы мәселелер

Еуроодақ террор, радикалдық, есірткімен күрес және миграциялық мәселелердің қауіпін алдын мақсатында Орталық Азия мемлекеттерімен ынтымақтастығын жетілдіргісі келеді. Ал Орталық Азия мемлекеттері болса Еуроодақ сияқты жетілу үшін батыстың тәжірибелерін пайдаланғысы келеді. Алайда Еуроодақтың сыртқы саясат құруы, Орталық Азияның болса ортақ қозғала алмау мәселесі бар. Еуроодақ пен орталық Азия осы мәселелерді шешкен жағдайда ғана ынтымақтастықты одан әрі жетілдіру күшіне ие бола алады. Еуропалық Одақтың Орталық Азияға арналған 2007 жылы қабылданған стратегиясы осы елдер арасындағы қарым-қатынасқа жаңа «бағыт» береді. Стратегияның ортақ мақсаты екі жақтан да тең дәрежелі диалогтың көмегімен тұрақты қауіпсіздік пен Орталық Азия елдерінің дамуы. Стратегияның негізгі функциялары:

- ЕО пен Орталық Азия арасындағы ынтымақтастықтың құрлымы мен бағытын жақсарту.

Стратегия өз мақсатына жету үшін мына құралдарды пайдаланады:

- Ынтымақтастық пен әріптестік туралы келіміс шарттың болуы;
- ЕО көпжақты механизм шеңберіндегі іс-шаралары (Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ), Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастықты қорғау ұйымы (ЕКЫҚҰ), Халықаралық Қаржы Институты (ХҚИ));
- Орталық Азия елдерімен саяси диалогты шешу барысында маңызды роль атақаратын Еуропалық Одақтың Орталық Азиядағы арнайы өкілі.

Стратегия Орталық Азияның 5 мемлекеттері арасындағы адам құқығы диалогына септігін тигізе алады. Одан кейін Еуропалық Одақтың өкілдері Орталық Азиядан Еуропаға энергия көздерін экспорттаудың болашақтағы жолдарын іздестіру барысында бірлескен жұмысты одан әрі жүзеге асыруға кірісті. Осыған байланысты, «Баку үндестігі» деп аталатын құжатты іске асыру барысында Каспий және Қара теңіз өңірлері елдерінің энергетикасы бойынша, бірінші министрлер бас қосты. [Құнхожаев Н.Р. Еуропа Одағының әлеуметтік саясаты.// "Қазіргі Қазақстанның экономикасы". -Алматы., 2004 ж.] 2009 жылдың қыркүйек айында Душанбіде ЕО пен Тәжікстан арасында адам құқығы жайындағы екінші диалог болып өтті. Онда адам құқығын қорғау принциптары, адам құқығын сақтау және адамқұқығы бұзылуы сияқты мәселелерді қарастырады. Сондай-ақ бұл стратегия Еуроодақты Орталық Азияның және оның басқа да серіктестіктерімен бір ғана сыртқы ынтымақтастық әріптесі ретінде қарастырмайды. Ол осы аймақтағы басқа да Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ), Ұжымдық Қауіпсіздік Келіссөздер Ұйымын (ҰҚКҰ) және Ортаазия экономикалық бірлестік сияқты әрекет етуші халықаралық ұйымдарды диалогқа шақырады. Және де БҰҰ, ЕҚЫҰ, НАТО, Халықаралық Қаржы Институттарымен ынтымақтастықты атауға болады. Қазіргі таңда Еуроодақ пен Орталық Азия елдері арасындағы кең көлемдегі саяси диалог тәжірибемен ұштасып отыр. Сондықтан да саяси диалог пен жобалық істер алдағы уақытта да жоғары деңгейде бірін-бірі толықтыра береді деп ойлаймыз. [Ким Гоулд <http://www.geopolitica.ru/Articles/1244> / 2001-05-27 Заместитель Главы Миссии Великобритании и северной Ирландии в Республике Таджикистан]

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Еуропалық Одақ және Қазақстанмен арадағы ынтымақтастығы <http://e-history.kz/kz/contents/view/2399>
2. Ким Гоулд <http://www.geopolitica.ru/Articles/1244> / 2001-05-27 Заместитель Главы Миссии Великобритании и северной Ирландии в Республике Таджикистан
3. Еуропалық Одақтың Орталық Азиядағы Саяси Стратегиясы 2007-2013. www.minplan.kz
4. Құнхожаев Н.Р. Еуропа Одағының әлеуметтік саясаты.// "Қазіргі Қазақстанның экономикасы". -Алматы., 2004 ж.
5. <http://www.primeminister.kz/news/show/67/v-2015-godu-budet-zapuschena-vtoraja-faza-proekta-verhovenstva-prava-«evropejskij-sojuz-tsentralnaja-azija»-zhan-lui-lavroff-14>

ОӘҚ 327.325.6.00.56.

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ШАНХАЙ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҰЙЫМЫНЫҢ РОЛІ

Батишева Болган Мауленовна

batisheva_bm@enu.kz

Астана, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Халықаралық қатынастар факультеті,
Халықаралық қатынастар мамандығының 2-ші курс магистранты

Турханова Айгерим Жолтаевна

Халықаралық қатынастар кафедрасының доценті
Ғылыми жетекші – Медеубаева Жанар Муратбековна

Орталық Азия аймағында елдер мен олардың көршілеріне жан-жақты бағытта жүргізетін Шанхай Ынтымақтастық Ұйымын құруға түрткі болған негізгі себептеріне тоқтала кететін болсақ: Біріншіден, аймақтың бүгінгі кезеңдегі нақты тіршілігі мен геосаяси